

**"ІШКІ ШАРУАШЫЛЫҚ ЖӘНЕ АУМАҚТЫҚ ЖЕРГЕ ОРНАЛАСТЫРУ" ПӘНІ БОЙЫНША ДӘРІСТІК САБАҚТАРДЫҢ
МАЗМҰНЫ**

Сабақ	Тақырыбы	Өткізу формасы	Жұмыстың мақсаты мен мазмұны	Білімді бақылау
1	Ішкі шаруашылық және аумақтық жерге орналастыру мазмұны және түсіндіру негіздері	Дәріс сабағы	Тақырып бойынша білімді жалпылау, жүйелеу және тереңдету.	Тапсырмаларды орындау және бақылау сұрақтарға жауап беру
2	Өндіріс бөлімшелері және олардың орталықтарын орналастыру ерекшеліктерін жүйелеу	Дәріс сабағы	Тақырып бойынша білімді жалпылау, жүйелеу және тереңдету.	Тапсырмаларды орындау және бақылау сұрақтарға жауап беру
3	Ішкі шаруашылық жолдарды, сушаруашылық және басқа инженерлік ғимараттарды орналастыру кешендерін түсіндіріп беру	Дәріс сабағы	Тақырып бойынша білімді жалпылау, жүйелеу және тереңдету.	Тапсырмаларды орындау және бақылау сұрақтарға жауап беру
4	Егістік алқаптарды ұйымдастыру түсінігі, мазмұны және шешу жолдарын сипаттау	Дәріс сабағы	Тақырып бойынша білімді жалпылау, жүйелеу және тереңдету.	Тапсырмаларды орындау және бақылау сұрақтарға жауап беру
5	Ауыспалы егістік жүйелерін жобалаудың мазмұнын жүйелеу негіздері	Дәріс сабағы	Тақырып бойынша білімді жалпылау, жүйелеу және тереңдету.	Тапсырмаларды орындау және бақылау сұрақтарға жауап беру
6	Суармалы егістігі бар аймақтардағы жерге орналастырудың ерекшеліктерін тұжырымдау	Дәріс сабағы	Тақырып бойынша білімді жалпылау, жүйелеу және тереңдету.	Тапсырмаларды орындау және бақылау сұрақтарға жауап беру
7	Суармалы егістік алқаптарын кешенді ұйымдастыру және ауыспалы егіс танаптарын пайдалану ерекшеліктерін жүйелеу	Дәріс сабағы	Тақырып бойынша білімді жалпылау, жүйелеу және тереңдету.	Тапсырмаларды орындау және бақылау сұрақтарға жауап беру
8	Мал азықтық алқаптардың территориясын жоспарлауды іске асырудың жүйелеу негіздері	Дәріс сабағы	Тақырып бойынша білімді жалпылау, жүйелеу және тереңдету.	Тапсырмаларды орындау және бақылау сұрақтарға жауап беру
9	Шабындықтарды аумақта орналастыруды зерттеу мәселелері	Дәріс сабағы	Тақырып бойынша білімді жалпылау, жүйелеу және тереңдету.	Тапсырмаларды орындау және бақылау сұрақтарға жауап беру
10	Жайылымның территориясын ұйымдастыруды жүйелеу негіздері	Дәріс сабағы	Тақырып бойынша білімді жалпылау, жүйелеу және тереңдету.	Тапсырмаларды орындау және бақылау сұрақтарға жауап беру
11	Көпжылдық жеміс-жидек екпелерінің аумағын орналастырудың даму жолдары	Дәріс сабағы	Тақырып бойынша білімді жалпылау, жүйелеу және тереңдету.	Тапсырмаларды орындау және бақылау сұрақтарға жауап беру
12	Жүзімдіктердің территориясын ұйымдастыруды түсіндіріп беру	Дәріс сабағы	Тақырып бойынша білімді жалпылау, жүйелеу және тереңдету.	Тапсырмаларды орындау және бақылау сұрақтарға жауап беру
13	Жидек дақылдары территориясын орналастыру және питомниктердің территориясын құрудың негіздері	Дәріс сабағы	Тақырып бойынша білімді жалпылау, жүйелеу және тереңдету.	Тапсырмаларды орындау және бақылау сұрақтарға жауап беру
14	Ауылшаруашылық мекемелердің аумағын экологиялық-ландшафтық кешендерін талқылау	Дәріс сабағы	Тақырып бойынша білімді жалпылау, жүйелеу және тереңдету.	Тапсырмаларды орындау және бақылау сұрақтарға жауап беру
15	Ішкі шаруашылық және аумақтық жерге орналастыру жобасын жүзеге асыру жүйелері	Дәріс сабағы	Тақырып бойынша білімді жалпылау, жүйелеу және тереңдету.	Тапсырмаларды орындау және бақылау сұрақтарға жауап беру

Дәріс №1. Ішкі шаруашылық және аумақтық жерге орналастыру мазмұны және түсіндіру негіздері

Ішкі шаруашылық жерге орналастыру – жерге орналастырудың бір түрі. Оның жобалау объектісі – ауыл шаруашылық өндірісімен айналысатын кәсіпорынның иелігіндегі, пайдалануындағы немесе арендаға алған жері, оны территориялық ұйымдастыру.

Ішкі шаруашылық жерге орналастыру дегеніміз ауылшаруашылық кәсіпорындарының өндірістік территориялық ұйымдастыру шараларының жүйесі: жерді, адамдардың еңбегін, а/ш техниканы тиімді пайдалану үшін, топырақ құнарлығын қорғау және жақсарту үшін, ауыл тұрғындарының тұрмысын жақсарту үшін.

Шаруашылықтың территориясын ұйымдастыру жолында мына мәселелер шешіледі:

- 1) Топырақтың құнарлығын сақтау және жақсарту.
- 2) Ауылшаруашылық алқаптарды неғұрлым жақсы пайдалану жыртылатын жерлерді неғұрлым интенсивті пайдалану.
- 3) Эрозияны тоқтату және оның болмауына әсер ету.
- 4) Суарылатын жерлерде топырақтың тұздалмауына ирригациялық эрозияның болмауына әсер ету.
- 5) Мәдени ландшафттарды қорғау және жаңадан құру.
- 6) Жерді пайдалануда бос қалған жерлердің болмауына және шаруашылықты ұйымдастырудың прогрессивтік, ғылыми негізделген жүйелерін енгізу үшін ұйымдастыру территориялық жағдай жасау.
- 7) Адамдардың жұмыс істеуіне, дем алуына, тұрмысын жақсартуға жағдай жасау.

Ішкі шаруашылық жерге орналастыру жобасының мазмұны табиғи және экономикалық жағдайларға және шешілетін сұрақтарға байланысты әр түрлі болады. Оған қарамастан ішкі шаруашылық жерге орналастыру жобасының келесі шартты құрамды бөліктерге бөлуге болады:

1. Өндірістің бөлімшелерін және шаруашылық орталықтарын орналастыру.
2. Ішкі шаруашылық жолдарды, су шаруашылық немесе басқа инженерлік ғимараттарды орналастыру.
3. Ауылшаруашылық алқаптарды ұйымдастыру.
4. Ауыспалы егіс жерлерін және олардың территорияларын ұйымдастыру.
5. Жеміс-жидек және жүзімдіктер территориясын ұйымдастыру.
6. Мал азықтық алқаптардың территориясын орналастыру.

Нег: 1. [64-72],

Қос: 2. [77-84].

Бақылау сұрақтары:

1. Шаруашылық аралық жерге орналастыруға түсінік беріңіз.
2. Шаруашылық аралық жерге орналастырудың объектісін атаңыз?
3. Қазіргі кездегі шаруашылық аралық жерге орналастыру қандай іс-әрекеттерден тұрады?
4. Шаруашылық аралық жерге орналастырудың экономикалық мәні неде?

Дәріс №2. Өндіріс бөлімшелері және олардың орталықтарын орналастыру ерекшеліктерін жүйелеу

Құрылымдық бөлімшелері ретінде реформаға дейінгі болған бөлімшелерді, өндіріс учаскелерін, бригадаларды, цехтарды және реформадан кейінгі: құрылған арендалық және кооперативтік басқару және аралас құрылымдарды алуға болады.

Аралас құрылымдар дегеніміз бұрынғы традициялық және жаңадан пайда болған құрылымдардың аралас қолданылуы

Құрылымдар екі-үш сатылы болуы мүмкін:

1. Ауылшаруашылық мекемесі - өндіріс учаскелері (бөлімшелер) – бригадалар;
2. Ауылшаруашылық мекемесі - цехтар – бригадалар;
3. Кооперативтер;
4. Кіші өндірістер;
5. Арендаторлар тобы.

Бөлімшелерге тек қана осы бригадаларда жұмыс істейтін жұмысшылардың жері және мүлкі ғана кіріп қоймай, басқа да салаларда жұмыс істейтін адамдардың жер бөліктері кіруі мүмкін (өндіріс және қоғамдық инфрақұрылымдарды).

Шаруашылықтағы өндіріс бөлімшелерінің саны, мөлшерлері, мына көрсеткіштерге әсерін тигізеді:

- шаруашылық орталықтарын салуға, пайдалануға эксплуатация жұмсалатын қаржының мөлшеріне;
- басқаруға ыңғайлылығына;
- әкімшіліктік басқару аппаратына жұмсалатын қаржының мөлшеріне;
- адамдарға дұрыс мәдени-тұрмыстық жағдай жасауға.

Сондықтан бұл мәселені шешер алдында елді мекендердің санын, оларда қанша адамдар тұратындығын, су мен қамтамасыздығын, транспорт және байланыс жүйелерінің дамығандығын, транспорттың өту жағдайлары жақсылап зерттеуге тиіс.

Өндіріс бөлімшелері тым үлкен, немесе тым кіші болмай, көптеген өндірістік факторларға байланысты ең үлкен экономикалық нәтиже беретін мөлшерде жобаланулары тиісті..

Нег: 1. [64-72],

Қос: 2. [77-84].

Бақылау сұрақтары:

1. Өндіріс бөлімшелерін орналастыруды жобалау жұмыстарын жүргізгендегі қойылатын ең басты талаптарды атаңыз.
2. Қандай жағдайларда шаруашылық орталықтарының оның жер массивінің ортаңғы кезінде орналасу мүмкіндігі қамтамасыз етіледі?
3. Орталық мекендерді орналастыру қалай жүргізіледі? Елді мекендер және оларды жоспарлау жөнінде түсінік беріңіз.
4. Шаруашылықтағы өндіріс бөлімшелерінің түрлері жайында түсінік беріңіз.

Дәріс №3. Ішкі шаруашылық жолдарды, сушаруашылық және басқа инженерлік ғимараттарды орналастыру кешендерін түсіндіріп беру

Территорияны инженерлік жабдықтандыру объектілеріне мыналар жатады:

- ішкі шаруашылықтық жолдар;
- мелиоративтік құрылыстың объектілері (суландыру, кептіру) және олардың негізгі ғимараттары (тоған, су қоймасы, лимандар, магистралдық каналдар, коллекторлар, басқа негізгі су өткізуші және қоршау жүйелері (проводящая и ограждающая сеть));
- суландыру және сумен қамтамасыздандыру объектілері;
- негізгі орман мелиоративтік және гидротехникалық эрозияға қарсы күресу объектілері, орман көшеттері, гидротехникалық ғимараттар.

Жобаның бұл бөлігіне а/ш алқаптарын ұйымдастыруда және орналастыруда өте үлкен әсерін тигізетін, ең басты және құрылысына өте көп қаражат кететін, территорияны жабдықтандырудың негізгі объектілері кіреді.

Бұндай объектілерді орналастыру жобаның басқа бөліктерімен үйлестіріле, қабылданған жоба шешімдерін тексере отырып, жүргізіледі.

Территорияда орналасуына байланысты бұл объектілер ұзын және аудандық болып бөліледі. Олардың пайдалану мақсаты, алып жатқан жері, орналасу жағдайы, орналасуына қойылатын талаптар, салуға және пайдалануға шығатын қаражаттардың мөлшерлері әртүрлі болады.

Территорияны инженерлік жабдықтандыруда келесі негізгі талаптар қойылады:

1. Бұл объектілердің орналасуы жұмыс жүргізуге ыңғайлы болуы және жердің пайдалануын жақсартуы керек.
2. Өндіріске жақсы территориялық жағдай жасау үшін және жерді тиімді пайдалану үшін. Оларды өзара және жобаның басқа бөліктерімен және элементтерімен үйлестіре орналастыру.

3. Территорияны жабдықтандыру объектілеріне ең тиімсіз а/ш пайдаланылмайтын, өнімсіз жерлерде берілуі керек) қажеттілігіне сәйкес неғұрлым аз берілуі керек.
4. Объектілерді орналастыруда техникалық және табиғатты қорғау талаптарын орындау қажет.
5. Құрылысқа және салынған ғимараттарды пайдалануға кететін қаржылар неғұрлым аз болулары керек.

Жоғарыда айтылған территорияны инженерлік жабдықтау объектілерін орналастыруға қойылатын талаптар әрқашанда барлығы орындалуы мүмкін емес. Сондықтан жобалауда әр жағдайда осы талаптардың ең алдымен орындау қажет.

Территорияны жабдықтандыру объектілерін жобалағанда оларды басқа іргелес орналасқан шаруашылықтарға жасалған болжам схемалармен жобалардың ұсыныстарымен келістіре отырып жасанулары керек.

Дайындық жұмыстарында керекті деректер түгел жиналып, зерттеліп бір-бірімен үйлестіре отырып пайдаланулары керек.

Нег: 1. [64-72],

Қос: 2. [77-84].

Бақылау сұрақтары:

1. Шаруашылық жерін орналастыру жобасын жасағанда қандай территорияны инженерлік жабдықтандыру объектілері орналастырылады?
2. Территорияны инженерлік жабдықтауды жобалағанда қандай талаптар қойылады?
3. Автомобиль жолдарының категориялары және оларды қандай техника-экономикалық көрсеткіштермен анықтауға болады?
4. Ішкі шаруашылық жолдарын, су шаруашылықтық объектілерін және басқа инженерлік ғимараттарды орналастыру варианттарын бағалауда қандай көрсеткіштер қолданылады?
5. Ішкі шаруашылықтық жерге орналастыру жобасында территорияны жабдықтандырудың негізгі инженерлік объектілерін орналастыру және оны негіздеу

Дәріс №4. Егістік алқаптарды ұйымдастыру түсінігі, мазмұны және шешу жолдарын сипаттау

Өндірісте пайдалануына және табиғи қасиеттеріне байланысты жер пайдаланушылар әртүрлі пайдалану алқаптарына бөлінеді.

Пайдалану алқаптары дегеніміз әрдайым белгілі бір өндірістік және басқа қажеттілікке пайдаланылатын, табиғи, тарихи қалыптасқан ерекшеліктері бар, немесе кейін пайда болған қасиеттері бар жер массивтері.

Әр жер алқабы өсетін өсімдіктерімен, олардың сапасымен, суланғандығымен, жер беті бедерінің элементтеріне орналасуымен, өндірісте пайдалану ерекшеліктерімен бөлектенеді (айырықшаланады).

Қазіргі классификация бойынша әрдайым ауылшаруашылықтық өндірісінде қолданылатын ауылшаруашылықтық алқаптарға егістік, шабындық жайылым, тыңайтылған жер, көпжылдық өсімдіктер жатады.

Ауылшаруашылық алқаптар бойынша ГОСТ бекітілген (мемлекеттік стандарт Мем.СТ)

Ауылшаруашылық алқаптардың құрамы табиғи – климаттық жағдайға өте тығыз байланыста. Жылдық орташа жауын-шашынның мөлшері 100 мм аспайтын жерлерде жыртылған жер 10-13%.

Дәнді-дақыл өсіруге ығалдылығы жеткілі солтүстік аудандардың жерінің құрамында 72% - жыртылған жер.

Қалыптасқан ауылшаруашылық алқаптардың құрамы шаруашылықтардың мамандығына әсерін тигізеді.

Егістік үлесі 70-80% солтүстікте дәнді-дақыл өсіретін шаруашылықтар көп, ал мал өсіретін шаруашылықтарда мал азықтың алқаптардың үлесі өте жоғары.

ҚР егістіктің үлесі 15,8% қана көпжылдық өсімдіктер 0,1 млн. га алып жатыр.

Тыңайтылған жердің үлесі егістіктен шығарылған жерлердің мөлшеріне өсті.

Жобаның бұл құрам бөлігінің негізгі міндеті жерді жоғарғы тиімділікте пайдалануға және қорғауға жағдай жасау үшін алқаптардың тиімді ара қатынасын және орналасуын белгілеу.

Нег: 1. [64-72],

Қос: 2. [77-84].

Бақылау сұрақтары:

1. Жер пайдаланушылардың кемшіліктері жайында айтып беріңіз.
2. Жер пайдаланудың кемшіліктері қалай түзетіледі?
3. Шаруа қожалығының жер үлесінің орналасуына қандай элементтер әсер етеді?
4. Кемшіліктерді жою жобасы қандай кезеңдерде орындалады?

Дәріс №5. Ауыспалы егістік жүйелерін жобалаудың мазмұнын жүйелеу негіздері

Егін егудің ғасырлар бойы жиналған тәжірибесіне және ғылыми ұсыныстарға сәйкес ережелері бар. Сол маңызды ережелердің бірі белгілі танапта ұдайы бір дақылды екпеу. Бұлай еге беруді монокультура деп атайды. Ол зиянды, өйткені әрбір өсімдіктің топырақтан алатын және қалдыратын химиялық заттары өзгермегендіктен, топырақтың құнарлығы осы өсімдік үшін жылдан жылға нашарлай береді. Демек, бұл егістің түсімділігін төмендетіп жібереді. Олай болдырмас үшін әр танапта егілетін өсімдік жыл сайын, ал кейбір жағдайда 2-3 жылда өзгертіліп тұрады. Бұл өзгерістің ретін әр өсімдіктің топырақтың химиялық құрамынан алатын және онда қалдыратын заттарын ескере отырып жасайды. Әрбір келесі егілетін дақыл бұрынғы егілген дақылдың топырақта қалдырып кеткен қолайлы химиялық заттарын пайдалана алуы керек. Танапта бірнеше жылдың ішінде егілетін өсімдіктердің бірінен соң бірінің ауысу ретін агрономдар осы талапқа сәйкестендіреді. Сонымен, белгілі бір танапта егілетін өсімдіктердің түрлерінің жыл сайын өзгеріп отыруын, ауыспалы егіс деп атайды.

Ауыспалы егістің аты танаптың санына және басты дақылдың түріне байланысты болады. Мысалы, егер ауыспалы егістің құрамындағы дақылдардың басым көпшілігі астық өсімдіктері, ал танаптарының саны бесеу болса бұл бес танапты астықты ауыспалы егіс деп аталады. Ауыспалы егіс үнемі жоғары түсім алу, топырақтың құнарлығын сақтау және жақсартып отыру мақсатында қолданылады. Ол егін шаруашылығы жүйесінің арқауы болып есептеледі. Ауыспалы егістің түріне сәйкес барлық ұйымдастырулық-экономикалық шаралар белгіленеді. Сондықтан, ауыспалы егіс жерді, өндіріс құралдарын, адам күшін ұтымды пайдалану, яғни осы саладағы өндірістің тиімділігін арттыру үшін аса қажетті жағдай болып есептеледі. Ауыспалы егістің үш түрі болады: алқаптық, мал азықтық және арнайы.

Нег: 1. [64-72],

Қос: 2. [77-84].

Бақылау сұрақтары:

1. Халықтың жобалық санын келешектік (перспективалық) жоспарлау жөнінде түсінік беріңіз.
2. Елді мекенде тұратын халық санын болжау есептерін қалай түсіндіресіз?
3. Ауыл шаруашылығы елді мекендері.
4. Халықтың жобалық санына сүйене отырып, тұрғындық-азаматтық құрылыс пен көркейтудің көлемі жайында түсінік беріңіз.

Дәріс №6. Суармалы егістігі бар аймақтардағы жерге орналастырудың ерекшеліктерін тұжырымдау

Егістік жұмыстарын тиімді ұйымдастыруда жер бедері өте көп әсерін тигізеді. Әсіресе беткейдің экспозициясын және еңістігін жерге орналастыруды жобалауда міндетті түрде есепке алу қажет. Әр танап бір экспозициялық бетте орналасуы тиіс. Бұл топырақтың егіс егуге бір уақытта дайын болуын, ауылшаруашылық өсімдіктерінің пісу уақытының бірінғай болуын қамтамасыз етеді. Дақылдарды бір уақытта егуге, күтуге және жинауға

ыңғайлы болуын қамтамасыз етеді. Ал егер танапты беткейдің бір бетіне орналастыру мүмкіндігі болмаса, онда танап агротехникалық бірінғай жұмыс учаскелеріне бөледі.

Бедерлі жерлерде танапты орналастырудың ең негізгі шарты – танаптың ұзын қабырғасы беткейге көлденең, яғни беткейде горизонтальдарға параллель болып орналасуы керек. Өйткені танапты бойлай жасалатын негізгі жұмыстар горизонтальдар бағытында жасалады, сондықтан беткейді бойлай ағатын суларға кедергі жасалып, олардың ағыны бәсеңдеуге байланысты, танаптарға сіңіп, жерге қосымша ылғал болады.

Машина-тракторлық агрегаттарды пайдалануда рельеф, олардың тиімді пайдалануына әсерін тигізеді. Тік беткейлерде техника жоғары өрлегенде қосымша күш керек болады. Агрегаттың жұмыс жасау өнімділігі азаяды.

Нег: 1. [64-72],

Қос: 2. [77-84].

Бақылау сұрақтары:

1. Ауыспалы егіс алқабын ұйымдастыру әдісі.
2. Күрделі рельефте танаптарды және учаскелерді орналастыру ерекшеліктері.
3. Топырақты өңдеу бағытын контурлы жобалаудың әдісі қандай.
4. Ауыспалы егіс танаптары неге біркелкі болады, ал біркелкі болмаған жағдайда олардың орташа мөлшерден ауытқуы неге байланысты болады.
5. Орман жолақтарының орналасу бағыты.
6. Орман жолақтарының ені және конструкциясы;
7. Орман жолақтарының аралықтары қалай анықталады?

Дәріс №7. Суармалы егістік алқаптарында жерді ұйымдастыру және ауыспалы егіс танаптарын пайдалану ерекшеліктері

Жыл сайын жоспарланған өнім алу және техниканы толық пайдалану керек, сондықтан танаптардың көлемдері бірдей болуы керек. Қалыптасқан жағдайға қарай олардың мөлшерлері белгілі шепте ауытқуы мүмкін.

Ауыспалы егістік жылдық жинайтын жалпы өнімнің мөлшері әр жылда бірдей болуын, техниканы, адамдардың еңбегін жыл сайын бірдей пайдалануды қамтамасыз ету керек. Сондықтан ауыспалы егіс танаптарының мөлшері бірдей болуы керек.

Бірақ ондай жағдайлар әрқашан бола бермейді. Бір жердің топырағы құнарлы, ал басқа жердің топырағы құнарсыз. Құнарлы топырақтан көп өнім алынады. Құнарсыз топырақтан – аз алынады. Танаптардың біркелкі болулары өсірілетін дақылдардың түрлеріне де байланысты болады. Мысалы: қызылшалық ауыспалы егісте, көп танапты а/егістікте 1-2 танап қызылша. Егер танаптар әртүрлі көлемді болса, өнім де әртүрлі болады. Ал 5-танапты егістіктік ауыспалы егісте 4 танабы – бидай, ал 1-танабы пар болса – онда жалпы өнімнің мөлшеріне өте көп әсерін тигізбейді.

Нег: 1. [64-72],

Қос: 2. [77-84].

Бақылау сұрақтары:

1. Ауыспалы егіс алқабын ұйымдастыру әдісі.
2. Күрделі рельефте танаптарды және учаскелерді орналастыру ерекшеліктері.
3. Топырақты өңдеу бағытын контурлы жобалаудың әдісі қандай.
4. Ауыспалы егіс танаптары неге біркелкі болады, ал біркелкі болмаған жағдайда олардың орташа мөлшерден ауытқуы неге байланысты болады.
5. Орман жолақтарының орналасу бағыты.
6. Орман жолақтарының ені және конструкциясы;
7. Орман жолақтарының аралықтары қалай анықталады?

Дәріс №8. Мал азықтық алқаптардың территориясын жоспарлауды іске асырудың жүйелеу негіздері

Табиғи мал азықтық ауыл шаруашылықтық алқаптардың Қазақстан Республикасы бойынша аумағы 183 млн.га, оның ішінде жасқартылғаны 6 млн.га.

Табиғи шабындық пен жайылымның жер отының өнімділігі мен сапасы климаттық жағдайға, әсіресе ылғалдыққа, су мен қамтамасыздығына байланысты болады.

Ауыл шаруашылық пайдаланымдардың құрамында табиғи мал азықтың алқаптарының үлесі солтүстіктен оңтүстікке қарай өседі; орман-далалы (лесостепная), запада – 44%, құрғақ далалы (сухостепная) – 57%, шөлейт (полупустынной зоне) – 82%.

Шөлейт және шөлді (батыс және оңтүстік аудандар). Табиғи жер оты өте сирек (беден), көбінесе эфимерлер. Өнімділігі 1.5-3 ц/га құрғақ, қарсыз мерзімі 250-280 күн, сондықтан жер отын қой мен жылқы бағуға жыл бойы пайдалануға болады.

Жайылымды ұйымдастыру мына қажеттіктерді шешу үшін жасалады:

1. Малды далада жою мерзімінде үзбей көк шөппен қамтамасыз ету үшін;
2. Жайылым жүйесінде әрқашан өзінің өнімділігін орнына келтіріп, жақсарту үшін;
3. Малды алысқа айдамауды, мал азығын, өкімін тасу және адамдарды тасымалдау трнспорттық шығынын азайту үшін;
4. Малды семірту, өнімділігін жақсарту үшін.

Жайылымды ұйымдастыруды жобалау үшін өте көп деректерді жинау, оларды талдау керек. Мысалы геоботаникалық, су шаруашылықтың, агроклиматтық, гидротехникалық, гидрогеологиялық жағдайларын (вегетациялық уақытта жауын кей кезде жүі немесе аз жауады, жер асты суларының орналасу тереңдігі) және басқа өсімдіктердің өсуіне, өнуіле әсер ететін факторларда.

Нег: 1. [64-72],

Қос: 2. [77-84].

Бақылау сұрақтары:

1. Халықтың жобалық санын келешектік (перспективалық) жоспарлау жөнінде түсінік беріңіз.
2. Елді мекенде тұратын халық санын болжау есептерін қалай түсіндіресіз?
3. Ауыл шаруашылығы елді мекендері.
4. Халықтың жобалық санына сүйене отырып, тұрғындық-азаматтық құрылыс пен көркейтудің көлемі жайында түсінік беріңіз.

Дәріс №9. Шабындықтарды аумақта орналастыруды зерттеу мәселелері

Шабындықтарға жоспарлы түрде шөп шабуға пайдаланылатын көпжылдық шөптесін өсімдіктермен жабылған жерлер жатады. Олар су басқан, құрғақ және батпақты болып бөлінеді. Су басқан шабындықтар өзендердің, көлдердің жайылмаларында немесе ойпаттың бойында орналасқан, өсімдік жамылғысының өзгеруіне әсер ететін сумен едәуір уақыт бойы су басқан болып саналады. Құрғақ жерлер – негізінен атмосфералық жауын-шашынмен ылғалданған жазықтарда, беткейлерде және су айрықтарының биіктік элементтерінде сайлар мен жыралардағы шабындықтар. Әдетте, олар қалыпты немесе жеткіліксіз ылғалдылыққа ие. Батпақты жерлерге батпақтардың шетіндегі аласа рельефті элементтерде немесе шамадан тыс ылғалдылық жағдайында нашар құрғатылған жазық жерлерде орналасқан шабындықтар жатады.

Шабындықтардың түрі мен жағдайын анықтау кезінде ескерілетін маңызды көрсеткіштердің бірі оларда өсетін өсімдіктердің сипаты мен сапасы болып табылады. Шабындықтардың құрамында: мәдени, түбегейлі жақсартулар, таза, батпақты және орманды, зиянды, тағамдық емес және улы өсімдіктермен көмкерілген. Мәдени шабындықтар түбегейлі немесе үстірт жақсартуды қамтиды, жаңадан шөп егу, тұрақты күтім мен тыңайтқыштар қолданылады.

Түбегейлі жақсартылған шабындықтар – түбегейлі жақсарту жөніндегі шаралар кешенінің нәтижесінде кезеңді түрде жаңарып отыратын жаңа шөптер пайда болған шабындықтар. Олар көпжылдық шөптер таза күйінде егілген жылдан немесе алдын ала дақылдардың астына егілгеннен кейінгі келесі жылы байқалады. Таза шабындықтарға бұталар, түптер, ағаштар, тастар жоқ немесе олар учаскенің 10%-дан азын алып жатқан

жерлер жатады. Шабындықтардың қаттылығы, бұталылығы және ормандылығы әлсіз және күшті болып бөлінеді. Шабындықтардың аумағы 20%-ға дейін төмпешікпен жабылған болса, онда әлсіз төмпешіктелген болады, ал 20%-дан астамы төмпешікпен жабылған болса, қатты төмпешіктелген болып саналады. Әлсіз бұталы немесе әлсіз орманды шабындықтар учаскенің 10-нан 30% -на дейінгі бөлігін алып жатқан бұталар немесе ағаш өсімдіктерімен, ал қалың бұталы немесе қалың орманды - аумақтың 30-дан 70% -на дейін өскен.

Нег: 1. [64-72],

Қос: 2. [77-84].

Бақылау сұрақтары:

1. Халықтың жобалық санын келешектік (перспективалық) жоспарлау жөнінде түсінік беріңіз.
2. Елді мекенде тұратын халық санын болжау есептерін қалай түсіндіресіз?
3. Ауыл шаруашылығы елді мекендері.
4. Халықтың жобалық санына сүйене отырып, тұрғындық-азаматтық құрылыс пен көркейтудің көлемі жайында түсінік беріңіз.

Дәріс №10. Жайылымның территориясын ұйымдастыруды жүйелеу негіздері

Жайылымның территориясын ұйымдастыру үшін жайылымдарды пайдалану графигі жасалу тиіс, онда барлық жайылым кезеңінің ішінде ауыспалы жайылым жүйесінде зағондарды пайдалану кезектілігі, отарды әр зағонға әкелу мерзімі шамамен көрсетілуі керек. «Көктем» учаскесінің зағонына көктемгі жаюды шөп өсе бастағаннан кейін 12-15 күн өткен соң оның негізгі массасы түптену – бүршіктену кезеңіне жеткенде, яғни шөп 10-12 сантиметр өскенде, ал шөл және шөлейт жайылымда 7-8 сантиметр болғанда бастаған жөн. Ерте жайғанда шөл жағдайына шығындылығы жайылым массасының 2-2.5 ц. аспайды. Бұл кезде мал негізінен өткен жылғы жусан мен сораңның қалдықтарын жейді.

Күн жылынып, тұрақты температура орныққанша шөптің нашар өсіуіне байланысты бір зағонда малды екі күннен көп жаюға болмайды. Одан әрі температураның артыуына қарай жайылым шөбі қаулап шығатындықтан, оныда төрт күннен пайдалануға болмайды.

«Жаз» және «Күз» учаскелеріне малды графикке, сондай-ақ жыл маусымдары бойынша жасалған жайылым күннің тәртібіне сәйкес күннен жаю қажет.

Ауыспалы жайылым жүйесі бойынша қой жайғанда шөл және шөлейт жайылымдарды пайдаланудың тиімділігі артады. Жайылымның биологиялық тұрақты шығымдылығы мен мәдени жайылымдардың ұзақ жылдық өнімділігі қамтамасыз етіледі.

Нег: 1. [64-72],

Қос: 2. [77-84].

Бақылау сұрақтары:

1. Жер иеленушілер мен жер пайдаланушыларға келтірілген залалды анықтау қандай жүйелікте анықталады?
2. Жер жүзінде егіншілікке жарамды жерлердің үлес салмағын көрсет?
3. Жерді қорғау жөніндегі шаралардың маңыздылығын ата.
4. Ауылшаруашылық өндірістерінің шығындарын өтеу проблемасы жөнінде территорияларға кімдер үлесін қосады?

Дәріс №11. Көпжылдық жеміс-жидек екпелерінің аумағын орналастырудың даму жолдары

Көпжылдық екпелер — жеміс-жидектерді, техникалық немесе дәрілік заттарды жинауға арналған жасанды, ағаш бұталы немесе шөптесін көпжылдық екпелер алып жатқан жерлер. Оларға: бау-бақша, жүзімдік, жидек, жеміс питомнигі, плантациялар жатады.

Есепке алу кезінде келесілер бөлінеді: бау-бақша алқаптары - жемістер мен жидектерді өндіру үшін құрылған ағаш немесе бұта екпелері (дәнді, сүйекті жеміс, жаңғақ,

цитрус, субтропиктік және басқа да түрлер) алып жатқан жер учаскелері; жүзімдік алқаптары - жүзім өсіру үшін жасалған жүзім екпелері алып жатқан жер учаскелері; жидек алқаптары - жеуге жарамды жидектерді өндіретін мәдени бұталар, жартылай бұталар және шөптесін өсімдіктер өсетін жер учаскелері; жеміс питомниктерінің алаңдары - жеміс-жидек дақылдары үшін отырғызу материалын өсіру үшін пайдаланылатын жер учаскелері; екпе алқаптары – арнайы техникалық, дәрілік, тағамдық, гүлді және сәндік дақылдарды (шай, құлмақ, гүлдер, эфир майы және т.б.) өсіруге арналған жер учаскелері.

Нег: 1. [64-72],

Қос: 2. [77-84].

Бақылау сұрақтары:

1. Халықтың жобалық санын келешектік (перспективалық) жоспарлау жөнінде түсінік беріңіз.
2. Елді мекенде тұратын халық санын болжау есептерін қалай түсіндіресіз?
3. Ауыл шаруашылығы елді мекендері.
4. Халықтың жобалық санына сүйене отырып, тұрғындық-азаматтық құрылыс пен көркейтудің көлемі жайында түсінік беріңіз.

Дәріс №12. Жүзімдіктердің территориясын ұйымдастыруды түсіндіріп беру

Жүзім шаруашылығындағы агробиологиялық ресурс - ең алдымен, өсірілетін сорттарға биологиялық тұрғыдан тән өнімділік пен технологиялық потенциалы болып табылады. Ұзақ уақыт бойы біздің елімізде, шетелде жүзімнің селекциялық процесінің негізгі бағыты жүзім алқаптарының нақты құрылымдық ұйымдарының қалыптасқан жағдайларына және технологиялық мәселелерді қарастырмай, оларды өсіру технологиясына қатысты сорттардың өнімділігін арттыру бойынша жүзімдіктердің территориясын ұйымдастыру болып табылады. Жүзімдіктердің территориясын ұйымдастыру жүзімнің түрлеріне экономикалық және әлеуметтік бағыты бар аймаққа бағытталған жиынтығы. Жаңа заманауи зерттеуге, негізгі параметрлер бойынша ең жақсысын бөлуге негізделген түрлерді жетілдіру-жоғары экологиялық икемділік, өнімділік және сапасы өзекті мәселе болып табылады. Жүзімдіктердің территориясын ұйымдастыруды қалыптастырудың мақсаты ретінде, агроаймақтық ресурстарын және топырақ-климаттық әлеуетін, табиғи энергия көздерін (жарық, жылу, су, құнарлылық) тиімді пайдалану кезінде қосымша шығындарсыз өнімнің өнімділігі мен сапасын арттыру қарастырылады.

Жүзімдіктің аумағын ұйымдастыру бүкіл экономиканы және оның жекелеген салаларын дамыту жоспарымен тығыз байланысты болуы керек. Ол озық агротехника, механикаландыруды кеңінен қолдану, бригадалық учаскелерге дұрыс бөлу, мелиорациялық іс-шаралар өткізу, суару желісін, қорғаныш орман белдеулерін, жолдар желісін құру және т. б. талаптарын қанағаттандыруы тиіс. Шаруашылықтың бүкіл аумағы 150-200 га тегіс жүзімдіктер алаңы бар және таулы жерлерде 60-80 га бөлімшелерге бөлінеді. Жүзімді тегіс жерде немесе жұмсақ еңіспен отырғызуға бөлінген алаң 25-50 га учаскелер мен кварталдарға бөлінеді, олар бойынша шаруашылықтың перспективалық жоспарына сәйкес жылдар бойынша отырғызудың белгілі бір тәртібі белгіленеді. Таулы аудандарда учаскелер мен кварталдардың мөлшері мен формасы жер бедерінің сипатымен анықталады.

Учаскелерді бөлу келесі негізгі принциптерге сүйене отырып жүзеге асырылады. 1. Трактордың тартылуын неғұрлым ұтымды пайдалану үшін, ыңғайлы бұрылыстар болған кезде, еңіс ұзындығы кемінде 300-500 м болуы керек. 2. Жолдар арасындағы жүзімдік қатарының ұзындығы 100 м-ден аспауы керек, өйткені бұл жағдайда қолмен жұмыс жасау қиын (жүзім, егін жинау және т.б.). 3. Учаскелерді бөлу кезінде жердің рельефімен және суару жүйелерінің бағытымен санау керек. 4. Жақсы жарықтандыру үшін қатарлардың бағыты оңтүстіктен солтүстікке қарай болуы керек. Бұл жағдайда қатардың екі жағы да жарықтандырылады - біреуі таңертең, екіншісі түстен кейін. 2° - тан жоғары беткейлерде жолдар беткейге бағытталады, бұл топырақтың шайылуына (эрозияға) және жауын-шашынның ағуынан ылғалдың жоғалуына жол бермейді. Бұл жағдайда бөлімнің

конфигурациясы жолдардың бағытын анықтайды. Суармалы жерлерде жолдар су жолдар бойымен ойықтар бойымен баяу қозғалатындай етіп орналастырылады. 0,06-дан асатын көлбеу кезінде, яғни әрбір 100 м үшін 6 м, жеңіл топырақтардағы көлбеу бойымен жолдардың бағыты топырақтың эрозиясына әкелуі мүмкін.

Күшті желді аудандарында жүзімдіктер қатарлары осы желдердің бағытын ескере отырып орналастырылған. 5. Жүзімдіктер барлық жағынан екпелермен, сыртқы орман жолақтарымен қорғалуы керек; жүзімдіктерде де қорғаныс жолақтары болуы керек. Бұл ішкі жолақтар деп аталады. Орман белдеулері жүзім екпелерін суық желден, құрғақ желден қорғайды, қардың жақсы жиналуына, топырақтың булануын азайтуға, еріген суды ұстауға ықпал етеді, топырақтың шайылуына жол бермейді және осылайша жүзімдіктердің өсуіне, олардың өнімділігін арттыруға және өнім сапасын жақсартуға қолайлы жағдай жасайды.

Мақсатқа байланысты тікелей жүзімдіктегі ішкі қорғаныс орман белдеулері әртүрлі атауларды алады: эрозияға қарсы, желге қарсы, қар тарату және т. б.

Топырақтың шайылуымен күресу үшін эрозияға қарсы жолақтар салынады. Олар 3° - тан жоғары беткейде орналасқан жүзімдіктерде төмен өсетін бұталардан (алтын Қарақат, Фундук, сирень, сары акация) жасушалардың ішіне отырғызылады. Бұл жолақтар көлбеу бойымен, бір-бірінен 100-250 м қашықтықта, ені 2-5 м. Эрозияға қарсы жолақтар мұздату кезінде суық ауа ағынын кешіктіруі мүмкін жағдайларда, топырақтың шайылуымен күресу үшін жүзімдіктер қатарындағы беткейлерде әр 6-10 қатар сайын көпжылдық шөптер қоспасынан ені 2-2, 5 м буферлік жолақтарды себу немесе өңделмеген топырақ жолағының баурайында қалдырып, шаттл деп аталатын топырақты өңдеу ұсынылады.

Жел жолақтары әр 200-500 м сайын, басым желдің бағыты бойынша блоктардың шекаралары бойынша отырғызылады. Олар үрленетін, ашық құрылымды және жоғары сабақты тұқымдардан (терек, жеміс тұқымдары) тұруы керек. Қатты желде олардың ені 9,2 м, орташа - 4,6 м (екі қатарда). Ұзақ қашықтықтағы үрленетін қорғаныс жолақтары желге қарағанда желдің күшін әлсірететіні анықталды. Қорғаныс жолақтары топырақта жолақтың биіктігінен 20 есе, яғни одан 100-150 м қашықтықта ылғалдың едәуір жиналуына ықпал етеді.

Қорғаныс жолақтары блоктардың айналасында, жолдың екі жағында немесе тұрақты суару арналарында 2-4 қатарға отырғызылады. Негізгі қорғаныс жолақтарына перпендикуляр, екіншісінен 1000 м-ден астам қашықтықта.

Беткейлерде орналасқан жүзімдіктерде қорғаныш ашық жолақтар рельефтің жоғары элементтеріне және көлбеу немесе көлденеңінен салынады.

Қорғаныс жолақтары жүзімдіктен кемінде 10 м қашықтықта болуы керек, өйткені олар осы аймақтағы топырақты қатты құрғатады. Ауаның еркін қозғалысы және қорғаныс жолақтары арқылы шахмат тәртібімен өту үшін 20-30 м үзілістер жасалады.

Ішкі қорғаныс жолақтарын жеміс тұқымдары мен жидектермен отырғызу керек: алмұрт, алма, тұт, өрік, жаңғақ, ирга, ит ағашы, қарақат, қарлыған және т. б.

Қар тарату жолақтарын жол бойында, жүзімдік қатарына қарсы, бір-екі қатарға отырғызуға болады. Қар ұстау және жүзім өсірудің солтүстік аймақтарында жылы микроклимат құру үшін сайтта рокер деп аталатын екпелер ұйымдастырылған (сурет. 82). Жүзімнің әр 3-7 қатарынан төмен сабақты шие, қарақат немесе қарлығанның бір қатары отырғызылады. Егер жүзім алқаптарының дәліздерінде 1-2 қатарға жүгері, күнбағыс, қарасора себіліп, сабақтары қыста қалса, жақсы нәтиже алынады.

Жүзімдіктер үлкен жолдардың жанында орналасқан жерлерде жүзімдіктерді шаңнан қорғайтын екпелер орнатылуы керек. Қорғаныс жолақтарын отырғызу кезінде олардың кейде зиянды әсер етуі мүмкін екенін ескеру қажет. Мысалы, кейбір жағдайларда барлық жағынан орман жолақтарымен қорғалған жүзімдіктер аяздан немесе саңырауқұлақ ауруларынан қатты зардап шегеді. Көлбеу қорғаныс жолақтары кейде суық ауаның ағуына кедергі келтіруі мүмкін. Жүзімдіктердегі қорғаныс екпелері, олардың тығыздығы, ені, тұқымдық құрамы туралы мәселе климатты, рельефті және басқа жағдайларды ескере отырып, әр аудан үшін жеке шешілуі керек.

Нег: 1. [64-72],

Қос: 2. [77-84].

Бақылау сұрақтары:

1. Жүзімдіктің аумағын ұйымдастыру дегеніміз не?
2. Жүзімдіктің аумағын ұйымдастыруда қандай мелиорациялық іс-шаралар қолданылады және қандай алқаптар жатады?
3. Алқаптар түсінігі және оның түрлері?
4. Жолдар арасындағы жүзімдік қатарының ұзындықтары қанша?
5. Жүзімдіктердегі қорғаныс екпелері туралы не білесіз?
6. Топырақтың шайылуымен күресу үшін эрозияға қарсы қандай күресу шаралын білесіз? Мысал келтіріңіз?
7. Жерге орналастыруды жобалау пәнінің қандай басқа ғылыми пәндермен байланысы бар?

Дәріс №13. Жидек дақылдары территориясын орналастыру және питомниктердің территориясын құрудың негіздері

Жер учаскесін таңдап алған кезде жердің бедеріне, ашық желге ұшырамауына, топырағына және жер асты ылғалының болуына ерекше көңіл бөлінуге тиісті.

Жер бедері. Бау үшін ең қолайлы жер - жазық немесе еңістегі 10-15 градустай болатын учаскелер. Таулы аудандарда бау үшін 30-35 градустық беткейлерді пайдаланған жөн. Қазан шұңқырлы жер бау егуге жарамсыз келеді, өйткені мұндай жерге айнала дөңестердегі суық ауа жиналады. Мұндай жерлердегі бау үсікке жиі ұшырайды. Республикамыздың солтүстік-шығыс облыстары үшін бұл жағдайдың ерекше маңызы бар, өйткені бұл облыстарда бау егу үшін сайлы жерлерді, өзен сағаларын бөлуге болмайды, өйткені мұндай жерлерде күз ерте басталады және көктемгі ызғар кеш кетеді.

Жер асты суы жақын (1-1,5 метрде) ойпат учаскелер алдын ала құрғатпайынша бау-бақша егу үшін жарамсыз келеді. Мұндай учаскелерді тек жидек өсіруге ғана пайдалануға болады. Сортаң топырақты учаскелерді алдын ала жақсартып, өңдемейінше бау егуге болмайды.

Қазақстанның оңтүстік және солтүстік-шығыс облыстары үшін тау беткейлерінің ерекше маңызы бар. Тау алқаптарының температурасы және топырақ жағдайлары жазық жерлерден гөрі едәуір жақсы болады және мұндай жерлердегі бау үсікке аз шалдығады. Таулы жерлердің ылғалдылық жағдайы да жазық жерлерден гөрі жақсы болып келеді. Мұның өзі бұл жерлерде суармай-ақ бау өсіруге мүмкіндік береді.

Тау беткейлерінің де ерекше маңызы бар. Қазақстанның оңтүстігінде бау егу үшін ең жақсысы таудың терістік, шығыс және батыс беткейлері. Мұнда әдетте ауа райының температурасы күндіз де, түнде де көп өзгермейді, топырақтың ылғалдануы да жақсы болады. Оңтүстік беткейлерде қуаң келеді және температурасы шұғыл өзгеріп тұрады, сол себепті бау орналастыру үшін оншалықты жарамды болмайды.

Нег: 1. [64-72],

Қос: 2. [77-84].

Бақылау сұрақтары:

1. Халықтың жобалық санын келешектік (перспективалық) жоспарлау жөнінде түсінік беріңіз.
2. Елді мекенде тұратын халық санын болжау есептерін қалай түсіндіресіз?
3. Ауыл шаруашылығы елді мекендері.
4. Халықтың жобалық санына сүйене отырып, тұрғындық-азаматтық құрылыс пен көркейтудің көлемі жайында түсінік беріңіз.

Дәріс №14. Ауылшаруашылық мекемелердің аумағын экологиялық-ландшафттық кешендерін талқылау

Жерді ұтымды пайдалану әдістері ландшафттық негізде, ал ауылшаруашылық өндірісіне қатыстылары агроландшафттық негізде негізделуі керек. Ландшафттық негізде ішкішаруашылық жерге орналастыру жобасын әзірлеу барысындағы ерекшелігі ауыл

шаруашылығы кәсіпорнының жер пайдалану территориясын агроландшафттық аймақтарға бөлуді жүргізу болып табылады.

Ландшафттық тәсіл тұрғысынан қарау табиғи-географиялық жағдайлар мен табиғи ресурстардың кешенін зерттеумен қоса, ландшафттың морфологиялық бөліктерінің құрылымдық заңдылықтарын білуге, олардың ішкі және сыртқы байланысын, әлеуетті мүмкіндіктерді пайдалану және оңтайландыру үшін ландшафтта өтіп жатқан процестердің динамикасын анықтауға мүмкіндік береді. Осы негізде ландшафттық тәсіл тұрғысынан қараудың мән-маңызы келесідей: біріншіден, ландшафттық саралау территориясын ұйымдастыру кезінде табиғи компоненттердің өзара әсерін, морфологиялық бөліктердің өзара байланысын есепке алу; екіншіден, ландшафтты экологиялық тепе-теңдікті сақтау. Ландшафттық тәсіл экологиялық – ландшафттық аймақтарды (типтерді, кіші түрлерді) бөліп көрсете отырып, территорияның ландшафттық саралануын ескереді, сонымен бірге агроландшафттың белгілі бір бөліктері (елді-мекендер, подурочишалар, фациялар) бойынша аумақты қалыптастыруды көздейді. Бұған ішкі шаруашылық жерге орналастырудың маңызды элементтерінің бірі болып саналатын аумақты агроландшафттық шағын аймақтандыру арқылы қол жеткізіледі. Бұл ретте аумақты ұйымдастырудың негізгі ерекшеліктері агроландшафттық контурларды байланыстыруда жатыр, агроландшафттық шағын аймақтандыру бірліктері бойынша аумақты ұйымдастыру элементтеріне (өндірістік бөлімшелерге, ауыспалы егістерге, жайылым айналымдарына, шабындық айналымдарға, жыртылған жерге, жұмыс учаскелеріне) байланыстырудан тұрады.

Территорияларды экологиялық-ландшафттық және экономикалық ұйымдастыру қазіргі уақытта ландшафттың орнықтылығы мен оның өнімділігін арттыруда басым мәнге ие. Агроландшафттарды экологиялық бағалаудағы айырмашылықтар өндірістің мамандануы мен көлемін, алқаптар мен егістіктердің құрылымын, ауыспалы егістің түрлерін анықтайды, яғни әртүрлі мақсаттағы агроэкожүйелерді қалыптастырады. Жердің қазіргі кездегі және болашақтағы өнімділігін ғана емес, сондай-ақ ландшафттың тартымдылығы мен халықтың өмір сүруге жайлылығын да ескеру маңызды.

Нег: 1. [64-72],

Қос: 2. [77-84].

Бақылау сұрақтары:

1. Халықтың жобалық санын келешектік (перспективалық) жоспарлау жөнінде түсінік беріңіз.
2. Елді мекенде тұратын халық санын болжау есептерін қалай түсіндіресіз?
3. Ауыл шаруашылығы елді мекендері.
4. Халықтың жобалық санына сүйене отырып, тұрғындық-азаматтық құрылыс пен көркейтудің көлемі жайында түсінік беріңіз.

Дәріс №15. Ішкі шаруашылық және аумақтық жерге орналастыру жобасын жүзеге асыру жүйелері

Ішкі шаруашылық жерге орналастыру жобасын жүзеге асырудың негізгі құрамды бөліктері.

1. Өндіріс бөлімшелерін және шаруашылық орталықтарын орналастыру. Өндіріс бөлімшелерінің құрамын, санын және мөлшерін белгілеу.

Орналастыру:

- шаруашылық орталықтарын;
- өндіріс бөлімшелерінің жер массивтерін.

2. Ішкі шаруашылық жолдарын, су шаруашылық және басқа инженерлік ғимараттарды орналастыру.

Орналастыру:

- ішкі шаруашылық жолдарын;
- жалпы шаруашылық объектілері мен территориялық инженерлік;
- жалпы шаруашылық инженерлік объектілерін.

3. Ауылшаруашылық алқаптары ұйымдастыру. Ауылшаруашылық алқаптарын трансформациялау, өндеу және орналастыру.

Ауылшаруашылық алқаптарының құрамын, өзара қатынасын бекіту және оларды орналастыру.

4. Ауыспалы егістік жүйелерін ұйымдастырып, олардың территорияларын орналастыру Ауыспалы егістіктердің түрін (типтерін) санын, көлемін таңдап алу.

Орналастыру:

- ауыспалы егістік жер бөліктерін орналастырып, оларды бригадаға бекіту;
- ауыспалы егістік танаптарын орналастыру;
- танап қорғау орман жолақтарын;
- танаптық жолдар;
- далалық станция және автолық қызмет көрсету алаңдары.

5. Жеміс-жидек егістері территорияларын орналастыру:

- түрлері мен сорттарын;
- кварталдары мен бригадалық учаскелері (жүзімдіктер үшін-клеткалар);
- жолдарды, қорғау орман жолақтарын, көмекші шаруашылық орталықтарын, су көздерін, суландыру және құрғату жүйелері;
- жидектер өсетін территориясына орналастыру;
- жеміс және жүзімдіктер питомниктарының территориясының орнын белгілеу орналастыру.

6. Мал азықтық алқаптардың территориясын орналастыру. Жайылымдарды ферма немесе мал топтарына бекіту.

Ауыспалы жайылымды ұйымдастыру және олардың танаптарын орналастыру.

Орналастыру: гурттық (отарлық) жерлерді; жазғы лагерлердегі әр жайылу қоршауларын; мал өтетін жолдар; су көздерін және су ішетін пункттер.

Ауыспалы шабындықтарды ұйымдастыру және олардың территориясын орналастыру (танаптарды, жолдарды).

Нег: 1. [64-72],

Қос: 2. [77-84].

Бақылау сұрақтары:

1. Жеке қосалқы шаруашылықтық және олардың нормалары.
2. Үй жанындағы учаскелердің мөлшерлерін анықтау.
3. Жер-шаруашылық жұмыстарын ұйымдастыру дегеніміз не?

Негізгі әдебиеттердің тізімі

1. Абдығалиева С.С. Жерге орналастыру. Оқу құралы. ҚазҰУ «Қазақ университеті», Алматы, 2014. – 226 б.
2. Абдығалиева С.С. Землеустройство. Учебное пособие. КазНУ. «Қазақ университеті». 2013 ж.
3. Тұрғаналиев С.Р. Ауыл шаруашылық құрылымдарың жерге орналастыру – Оқулық. – Алматы, Шыңғыстау, 2023. – 205 б.
4. Чурсин А.И. Землеустроительное проектирование: учеб.-метод. пособие к практическим занятиям по направлению подготовки 21.03.02 «Землеустройство и кадастры» / А.И. Чурсин,. – Пенза: ПГУАС, 2016. – 112 б.
5. С.Н. Волков. Землеустройство. Землеустроительное проектирование. Внутрихозяйственное землеустройство. Том 2. М.: Издательство «Колос», 2002 ж.
6. ҚР Жер кодексі -20.06.2003. №442-ІІ.
7. Есекеева, А.Ә. Қазақстан Республикасының шаруа немесе фермер қожалығы қызметін құқықтық реттеу: оқу-әдістемелік құрал/әл-Фараби атын. ҚазҰУ.- Алматы: Қазақ университеті, 2020.- 176 б.
8. Нурахметова Г.Г. Правовое обеспечение сделок в сфере земельных отношений: проблемы теории и практики [Текст]: моногр. / КазНУ им. аль-Фараби.- Алматы.: Қазақ университеті, 2020.- 189 б.

9. Айгаринова, Г.Т. Қазақстан Республикасының тұрақты даму жағдайында жер жарығын құқықтық реттеудің теориялық мәселелері; әл-Фараби атын. ҚазҰУ.- Алматы: Қазақ университеті, 2020.- 312 б.
 10. Бейсенбаев, Ж.Т. Аграрлық-өнеркәсіптік кешенді мемлекеттік реттеу: оқу-әдістемелік құрал; әл-Фараби атын. ҚазҰУ.- Алматы: Қазақ университеті, 2020.- 128 б.
 11. Есекеева, А.А. Жерге құқықтарды мемлекеттік тіркеуді құқықтық реттеу: әдістемелік құрал / әл-Фараби атын. ҚазҰУ.- Алматы: Қазақ университеті, 2020.- 124 б.
 12. Ақшатаева, Ж.Б. Қазақстан Республикасында ауылшаруашылық өндірісін сақтандыруды құқықтық реттеу: моногр.; әл-Фараби атын. ҚазҰУ.- Алматы: Қазақ университеті, 2019.- 155 б.
- Қосымша әдебиеттердің тізімі
13. Сейфуллин Ж.Т., С.Р.Турганалиев., Г.Ж.Сейтхамзина. Землеустройство агроформирований. Учебное пособие, Алматы, 2007ж - 132 стр.
 14. Землеустроительное проектирование. Под ред. проф. Гендельмана М.А., Алматы.: ЭВЛЮ, 1999ж.
 15. М.А.Сулин Землеустройство сельскохозяйственных предприятий Учебное пособие Санкт-Петербург 2002. 224 б.
 16. Плодоводство: Курс лекций. Часть 3. Закладка плодовых насаждений и технология производства плодов. – Краснодар: ФГОУ ВПО «Кубанский государственный аграрный университет», 2010. ил. ~ (Учебники и учебные пособия для высших с.-х. заведений).
 17. Л.Д. Уразова, О.В. Литвинчук, М.Л. Пузырева Пастбища и сенокосы для крупного рогатого скота в Томской области: Рекомендации по закладке и эксплуатации/ ФГБНУ СибНИИСХиТ - филиал СФНЦА РАН. – Томск, 2019. – 80 б.
- Зерттеушілік инфрақұрылымы
18. Геоакпараттық картаға түсіру зертханасы - 215
 19. Кәсіби ғылыми мәліметтер базасы
 20. 1. ГосНПЦЗЕМ
 21. 2. АШАИМИ
 22. Интернет көзі: www.adilet.zan.kz
 23. Интернет көзі: https://egov.kz/cms/kk/categories/land_relations?mobile=no